

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Самсон — Құдайдың күшті адамы



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Lyn Doerksen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Ерте заманда Израил жерінде Маноғах есімді адам өмір сүрді. Оның әйелі екеуінде бала болмады. Бір күні Маноғахтың әйеліне Иеміздің Періштесі келді. «Сенде шынымен ерекше бала болады», – деді ол.




2

Ол күйеуіне осы тамаша жаңалықты айтып берді. Маногах сиынып: «О, Ием... бізге тағы келе гөр. Біз бала үшін не істеуіміз керектігін үйрете гөр».



3



Періште Маногахқа баланың шашын ешқашан алмау керектігін, оның ешқашан арақ ішпеуі және кейбір тамақтарды ешқашан жемеуі керектігін айтты. Құдай бұл баланы би етіп таңдап алды. Ол Исраилді басқарады.



4



Құдайдың халқы көмекке сөзсіз мұқтаж еді. Олар Құдайды өз өмірлерінен сызып тастады, ал сосын өздерінің жаулары філістірлер тарапынан қорлауларға ұшырай берді. Бірақ олар сиынған кезде, Құдай естіді. Ол осы әлемде ең күшті адам болатын осы баланы жіберді.

5



«Сөйгіп әйел ұл туып, оның атын Самсон деп қойды, бала өсіп ер жетті, ал Жаратқан Ие оны жарылқады. Содан Иеміздің Рухы оған қона бастады». Самсон өте күшті болды. Бір күні ол жалаң қолымен жас арыстанмен төбелесіп, оны өлтірді!

6



Бірнеше күн өткенде Самсон арыстанның өлі денесіне ұя салған араның омартасынан бал татып көрді. Ол жұмбақ ойлап тапты: «Жегіштің ішінен жейтін тағам, Мықтының ішінен тәтті дәм».

7



Мұның не мағына беретінін ешкім ойлап таба алмады, бірақ Самсонның жаңа әйелі, філістір қызы, бұл туралы өзінің достарына айтып берді. Бұл, Самсонды қатты ашуландырды.

8

Самсон філістірлер өзінің әйелін ең жақын досына берген кезде, одан да қатты ашуланды. Ол кек алуды ойлады. Бірақ қалай? Самсон алдымен 300 түлкі ұстап алды. Сосын ол оларды қос-қостан құйрықтарынан матап, ортасынан бір алаудан байлап қойды.



9

Сосын Самсон түлкілерді філістірлердің бидай егілген даласына жіберді.



10

Енді філістірлер кек алғылары келді. Самсон өзін філістірлерге ұстап алып байлап-матап өлтіруге жол берді.



11

Бірақ Жаратқан Иенің Рухы Самсонға қонды. Ол жіптерді үзіп, өлген есектің жақ сүйегін алып, жаудың 1000 адамын өлтірді.



12

Філістірлердің іздеу топтары Самсонды іздеумен болды. Бір күні түнде олар оны қалада тұзаққа түсіріп, қала қақпаларын жауып тастады. Бірақ Самсон қала қақпаларын иығына көтеріп алып шығып кетті.



13

Бірақ Самсон Құдайды ұятқа қалдырды. Құдай оған күшті ол бағынған уақытқа дейін берді. Бір күні Самсон өзінің күшінің құпиясын філістірдің әдемі тыңшысы Далидамен бөлісті. Ол Самсон ұйықтап жатқан кезде, оның шашын қырғызып тастады.



14



Сосын філістір жасақшылары Самсонға Далиданың жатын бөлмесінде жабыла кетті. Самсон бар күшімен күрескен, алайда оның күші сарқылып қалды. Жаулары оның көзін ойып алды. Соқыр әрі әлсіз Самсон філістірлердің құлы болды. Олар Құдайдың қызметшісін келемеждеп қорлады.


15

Філістірлер мереке ұйымдастырды. Олар өздерінің балық құдайлары Дагонды Самсонды өздерінің қолдарына ұстап бергені үшін мақтады. Олар Дагонның ғибадатханасында ішіп-жеп шаттанды. Содан соң олар Самсонды өздерінің алдында өнер көрсетуге шақырды.



16

Бір бала Самсонды жетелеп әкеп, оның ғибадатхананы тіреп тұрған бағандарына сүйенуге мүмкіндік берді. Шатырда 3000 філістір болды, ғибадатханада да көп еді, олардың бәрі оны мазақтап күлді. Бірақ



Самсонның шашы түрмеде өсе бастаған-тын. Енді ол сиынып: «О, Құдай Ием, мен өзімнің екі көзімнің кегін алуым үшін тым құрмағанда қазір маған күш дарыта көрші», –деп сиынды.

17

Құдай Самсонға қайтадан күш берер ме екен? Самсон мүмкін емес нәрсені іске асыра алар ма еді? Иә, иә! Бар күшін жинап серпілген



Самсон мықты бағандарды итеріп жіберді. Дагонның ғибадатханасы жермен-жексен болды, мындаған філістірлер өлді, Самсон да көз жұмды!

18

Самсон - Құдайдың күшті адамы

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Билер 13-16

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."

Забур 119:130

19



14



60

20

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.